

**«Атамекен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**

**Кеңес: «Тазалық денсаулық кепілі»**

**Дайындаған: Медбике Ж.Алманова**

**2024 ЖЫЛ**

# ес: Тазалық - денсаулық кепілі

Бірінші байлық...

САБАП БУАК



## Тазалық — денсаулық кепілі



**Сыпатай РАҚЫМБЕРДИЕВ,** жоғары дәрежелі дәрігер, медицина ғылымының кандидаты.

**1** Адамның ауруының себебі — оның денесіне қорғаныш күштерінің әлсіреуінен. Денеге қандай зиянды зат ексе де, ағза одан қорғануға тырысады. Қорғаныс күштерін әлсірететін — біздің өмір сүру салтымыз, кеңістік, ішкен тамағымыздың мөлшері, құрамы және уақыты. Үшінде, қорғаныс күші әлсірететін, бұл — тазалық ережелерін бұзу. Қаршаған орта тазалығынан құтылу қиын, мүмкін де емес, бірақ тәнімді тазар ұстау қолымыздан келетін іс.



**2** Дәрігерлер жұқпалы ауруларды «кір» қол аурулары дейді. Себебі, қолды жұмай тамақ жесең, көптеген бактерия, микроб, вирус тағы басқа құрттар адам ағзасын зақымдап, ауруын қоздырады. Мысалы, атап айтсақ, гастрит, дизентерия, диарея, аскаридоз, іріңді холера тағы басқа емдеуі қиынырақ түсетін кеселдер осындай тазалық сақтамаудан қозғайды.



**3** Күнделікті аузыңды шайып, тісінді жуып тұрсаң, стоматит, гингивит, кариес тағы басқа ауыз қуысы кеселдерінің

шалдықпайсың. Адам өсейін келе, табиғи жағдайларда қорғаныс күштері әлсірейді. Балаларда көбіне терілеріне жара түседі. Себебі, олардың терісіндегі қорғаныс күштері өлі елсіз. Сондықтан бала жастан күн сайын тәнертең, көшкіе жақсылап жуылып, аптасына бір, екі рет шомылып тұруды әдетке айналдырғаны жөн.

**4** Бала өсе келе ер нәрсең аузына салып, іш жұқпалы ауруына ұшырайды. Бұл кезде олар энтерит, энтероколит, дизентерия ауруына шалдыққыш келеді. Балалар далаға шығанда, ойыңа айналып, жуылмаған жеміс-жидек, көкөніс жейді. Ағып жатқан суды іше салады, не достарымен, кейде бітен, белгісіз адаммен бір ыдыстан су, сүт т.б. сүйеніп ішеді. Мысықпен ойнайды, итті сипалайды, қой, сиыр, жылқы қорасын тазалап жүреті, не сиыр сауып тамақтанады, сүгін іше салады. Бала мұндай жағдайда аскаридоз, лимблицоз, бруцеллез, құрт ауруы, эхинококк тағы басқа кеселдерге ұшырайды. Жұқпалы ауруларды болдырмаудың жолы — тек қана тазалыққа байланысты. Ас ішер алдында қол жуу, көкөніс, жеміс-жидекті жуу, өйке арнаған ыдыспен тамақ ішу, сол ыдыстың тазалануы, күнделікті тамақ жеп болған соң ауызды шаю, тісінді екі рет арнайы пастамен жуу, уақтылы жуыну, жататын орныңды, төсегің мен киімді, өсіресе аяқ киім мен іш киімді тазар ұстау — тазалықтың басты шарттары.

Қазақ бабамыз «тазалық — денсаулық кепілі» деген. **Мұны естен шығармайық, достар!**



**Консультациялық пункттің жоспары бойынша наурыз айының 12-сі күні, ата-аналарға «Тазалық-денсаулық кепілі» атты кеңес өткізілді.**

*Осы кеңесте ата-аналарға гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы айтылды. Балаларды өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Күнделікті денсаулығын шынықтыра білуге, тамақтану тәртібін дұрыс ұйымдастыра білуге, балаларының денсаулықтарын сақтай білуге жағдай жасау да айтылды*

*Бөбекжай топтарындағы балалардың жеке гигиена ережелерін, тазалығын сақтау қажеттілігі ата-анаға көрсетілді.*

1  
Мақалым.  
26.05.2024.  
Д.М.

«Атамекен бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ!

Дайындаған:

Д.Джанабаева  
Г.Ибрашева

2024 оқу жылы

**Мақсаты:** Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында сенімді қарым-қатынас орнату, балаларды бірлесіп тәрбиелеу міндеттерін анықтау және оларды жүзеге асыру.

□ Бөбекжайда және отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мен дамытуды оңтайландыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

□ тәрбиеленушілердің ата-аналарына отбасылардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық білім беру;

□ ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

□ мектепке дейінгі білім беру мекемесі қызметкерлерінің педагогикалық қызметі туралы ата-аналардың түсініктерін кеңейту;

□ мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен ата-аналар арасындағы серіктестікті нығайту.

Бөбекжайымызда 2024жылдың 26-сәуір күні «Ашық есік күні» ұйымдастырылды.

Таңғы сағат 8ден бастап бөбекжайымызға ата-аналар келе бастады. Ата-аналар бөбекжайымыздың жағдайын өз көздеріменен көріп, танысуға мүмкіндік алды. Ата-аналар күн тәртібімен, сабақ барысымен сондай-ақ бөбекжайымыздағы басқа да кабинеттермен танысты.

Ортаңғы Ұлағат тобының тәрбиеленушісі Аманбай Шалқардың анасы Буркешова Амангүл өзінің ыңғайлы уақытына қарай бөбекжайда қалып балалардың бір күндік тынысымен танысты. Бөбекжайымыздың жағдайын өз көзіменен көріп, танысты. Ұйымдастырылған оқу қызметімен, сондай-ақ күнделікті күн тәртібімен танысып, балалармен бірге уақыт өткізді. Балалардың ас мәзірімен танысып, балалардың тамақтануын қарады. Балалармен бірге серуенге шығып, ойын түрлеріне қатысты.

Ашық есік күні өте жақсы деңгейде өтіп, ата-аналар риза болып алғыстарын айтты.

Ата-ана пікірі:

Мен бүгін бір күнімді ұлымның бөбекжайдағы өміріне арнадым. Осы таңертеңгі 8 ден бастап, түскі 1 ге дейін ұлымның бөбекжайдағы күн тәртібін көріп өзім де балалық шағымға қайта оралғым келіп кетті. Маған Атамекен бөбекжайы ұжымының барлық жұмысы ұнады. Мен осы өзімнің пікірімді барлық ата-аналарға жеткіземін. Ұлымның тәрбиешісі Джанабаева Даметкен мен Ибрашева Гүлімге алғысым шексіз.



